

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының жобаларына және олардың бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру қорытындылары туралы есептеріне сараптама жүргізу тәртібі туралы" Ереже жөнінде

Күшін жойған

Қаулы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1997 жылғы 23 мамыр N 220. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 30 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 339. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 3 тамыздағы N 304 ~V021979 қаулысымен.

Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейдегі банктер қызметінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясымен келісілген "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының жобаларына және олардың бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру қорытындылары туралы есептеріне сараптама жүргізу тәртібі туралы" Ереже бекітілсін және ол мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енгізілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының жобаларына және олардың бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру қорытындылары туралы есептеріне сараптама жүргізу тәртібі туралы" Ереже қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы бекіткен (1995 жылғы 18 мамырдағы N 251 қаулы) Қазақстан Республикасы аумағында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктер мен ұйымдар эмиссиялаған акциялар мен облигацияларды шығаруға арналған жобаларға Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде сараптама жүргізу тәртібі туралы Уақытша нұсқаулық күшін жойды деп танылсын.

3. Банктік қадағалау департаменті (Абдуллина Н.Қ.) осы Қаулыны және жоғарыда аталған Ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық (Алматы аумақтық бас) басқармаларына және екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы Қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк Төрағасының орынбасары А.Г.Сәйденовке жүктелсін.

Төрағасы

Келісілген
Қазақстан Республикасының
Бағалы қағаздар жөніндегі
Ұлттық комиссиясы
1997 ж. "___" _____ Бекітілген

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банк Басқармасының
1997 жылғы 23 мамырдағы
N 220 қаулысымен

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының проспектілеріне және олардың бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептеріне сараптама жүргізу ережелері <*>

Ескерту: Ереженің атауы жаңа редакцияда жазылды, кіріспедегі және одан әрі мәтін бойынша "Осы Ереже", "Ереже", "Осы Ережеде", "Осы Ережемен" деген сөздер тиісінше "Осы Ережелер", "Ережелер", "Осы Ережелерде", "Осы Ережелермен" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331 қаулысымен .

Осы Ережелер бағалы қағаздар және банк қызметі туралы қолданылып жүрген заңға сәйкес әзірленген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі - Ұлттық Банк) бағалы қағаздар эмиссиясының жобаларын келісу және екінші деңгейдегі банктердің (бұдан әрі - банк) бағалы қағаздар шығару қорытындылары жөніндегі есептері туралы сараптама жүргізу тәртібін а й қ ы н д а й д ы .

Ереже банктердің бағалы қағаздар эмиссиясы туралы құжаттарын тіркеу ерекшелігін белгілейді.

1 - т а р а у . Ж а л п ы е р е ж е л е р < * >

Ескерту: 1-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331 қаулысымен .

1.1. Сараптама эмиссия көлеміне, инвесторлардың санына және орналастыру әдісіне қарамастан барлық бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептер бойынша жүзеге асырылады.

1.2. Ұлттық Банктің сараптама жүргізуі мен қорытынды беруі мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

а) банк құру және акцияларды оны құрылтайшылары арасында орналастыру к е з і н д е ;

б) банкті қайта құру (біріктіру, ажырату, қосу, бөлу, қайта құру) кезінде;

в) акциялардың қосымша эмиссиясын немесе акциялардың нақты құнын арттыру жолымен банктің жарғылық капиталының мөлшерін арттыру кезінде; <*

>

г) банктің жарғылық капиталының мөлшері өзгермегенмен акциялардың нақты құны өзгерген кезде; <*>

д) акциялардың нақты құнын кеміту жолымен немесе олардың жалпы санын қысқарту мақсатында өз акцияларының бір бөлігін сатып алу жолымен банктің жарғылық капиталының мөлшерін кеміту кезінде; <*>

е) облигациялар шығару кезінде.

Ескерту: 1.2 тармақтың в), г), д) тармақшалары өзгертілді -

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331 қаулысымен .

1.3. Банкті құру кезінде акциялар эмиссиясын орналастыру жабық әдіспен жүзеге асырылады .

1.4. Егер банк мемлекеттік тіркелген күннен бастап бір жыл ішінде банк операцияларын жүргізуге лицензия алу үшін Ұлттық Банк белгілеген талаптарды орындамаса, Ұлттық Банк үш күн мерзім ішінде уәкілеттік берілген тіркеуші органға алғашқы эмиссияны мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті жою қажеттігі туралы хабарлауға міндетті.

1.5. Ашық акционерлік қоғам болып табылатын банк акциялар эмиссиясын жабық әдіспен орналастыруды жүзеге асыруға, бұл шешім банк акционерлерінің жалпы жиналысында қабылданған жағдайда құқылы.

1.6. Құжаттардың қажетті пакеті құжаттар осы Ережеге және Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының (бұдан әрі - Ұлттық комиссия) банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының тәртібін реттейтін нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жасалады. <*>

Ескерту: 1.6. тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331 қаулысымен.

1.7. Ұлттық Банктен бағалы қағаздар эмиссиясына оң қорытынды алған банк үш ай ішінде Ұлттық комиссияға өзінің өтініш жасағаны туралы Ұлттық Банкті хабардар етуге міндетті. Үш ай бекіткен соң Ұлттық Банктің оң қорытындысы заң күшін жояды. Мұндай жағдайда банк бағалы қағаздар эмиссиясы жөніндегі құжаттарды Ұлттық Банкке сараптамаға тағы да беруге міндетті.

1.8. Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу және бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы құжаттар Ұлттық комиссияның қарауына құжаттар жөнінде оң қорытынды мен Ұлттық Банктің жарғылық капиталды арттыру туралы (бағалы қағаздар эмиссиясы кезінде) немесе бағалы қағаздарды орналастыру қорытындылары туралы есептеу жөнінде рұқсат берген хаты болмағанда ғана қабылданады. <*>

Ескерту: 1.8. тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331 қаулысымен .

2-тарау. Банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының проспектілеріне сараптама жүргізу тәртібі <*>
Ескерту: 2-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331 қаулысымен.

2.1. Бағалы қағаздар эмиссиясының жобаларына сараптама жүргізу үшін банк Ұлттық Банкке мынадай құжаттар береді:

- а) ерікті нысанда жасалған және банк басшысы қол қойған өтініш;
- б) бағалы қағаздардың бұрынғы эмиссиясын тіркеу және бұрынғы шығару қорытындысы бойынша есепті қабылдау туралы тіркеуші орган құжаттарының көшірмелері;
- в) банктің жарғысы мен құрылтайшы шартына өзгерістер және жарғы мен құрылтайшы шартына (егер ондайлар болса) нотариат куәландырған өзгерту мен толықтыру енгізу туралы банктің өтініші;
- г) заң талаптарына сәйкес жасалған, бағалы қағаздар эмиссиясының (құжатты немесе құжатсыз) нысанын, сондай-ақ жарғылық капиталды қалыптастырудың көздерін көрсете отырып акциялар эмиссиясы туралы шешім қабылдаған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі;<*>
- д) банктер үшін Ұлттық комиссия белгілеген нысан бойынша (үш дана) жасалған эмиссия жобасы;
- е) банк қызметіне аудиторлық тексеру жүргізу құқығына лицензиясы бар соңғы аяқталған қаржылық жыл ішіндегі банктің пайдасы мен зияны туралы балансы мен есебінің дұрыстығын растайтын аудитордың немесе аудиторлық ұйым есебінің көшірмесі;
- ж) құрылтайшылардың және (немесе) акционерлердің уәкілетті аудиторлық қызмет растаған соңғы аяқталған қаржы жылындағы баланстық есептері және пайда мен шығын туралы есептері, құрылтайшы және (немесе) акционер болып саналатын ұйымның бірінші басшысы, бас бухгалтері қол қойып, мөрмен растаған соңғы есеп беру күніндегі уәкілетті аудиторлық қызмет растамаған баланстық есептері және пайда мен шығын туралы есебі. <*>

Ескерту: 2.1. тармақ толықтырылды және өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331 қаулысымен .

2.2. Банкті қайта құру кезінде бағалы қағаздар эмиссиясы жобасына сараптама жүргізу үшін Ұлттық Банкке қосымша мынадай құжаттар беріледі:

- а) біріктіру, қосу кезінде - өткізу актісінің, біріктіру (қосы) туралы шарттың көшірмелері және заңда белгіленген тәртіппен жасалған біріктірілген баланс;
- б) ажырату, бөлу кезінде - ажырату балансын;
- в) қайта құру кезінде - өткізу актісінің көшірмесі мен жаңадан құрылған банктің тіркелген күнгі балансы.

Қалай болған күнде әрбір тартылған (қайта құрылған) банктің акциялар эмиссиясын жою туралы Ұлттық комиссия құжатының көшірмесі қосымша беріледі.

2.3. Бағалы қағаздар эмиссиясының жобасы бойынша Ұлттық Банктің теріс қорытынды беруіне мыналар негіз болып табылады:

а) берілген құжаттардың қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келмеуі;
б) эмиссия жобасына, эмитенттің нақты қаржылық жағдайына енгізілген мәліметтердің сәйкес келмеуі;

в) Ұлттық Банкте келісімнен өтпеген банктің мынадай басшы қызметкерлерінің: банктің директорлар кеңесі төрағасының, банк Басқармасы Төрағасының және банктің бас бухгалтерінің болуы; <*>

г) банк депозиторлары мен кредиторлары мүдделерін қорғау мақсатында Ұлттық Банк белгілеген пруденциалдық нормативтерді банктердің бұзуына әкеп соғатын жарғылық капиталдың азайту туралы шешімдер қабылдауы; <*>

д) құрылтайшылардың және (немесе) акционерлердің (акцияларды орналастырудың жабық әдісі кезінде) қанағаттанғысыз қаржылық жағдайы, ол:

- банктің акцияларын төлеу үшін олардың өз қаражатының болмауын;
- олардың банкрот деп тану туралы сот шешімінің болуын;
- құрылтайшы сот банкрот деп танығанына не танымағанына қарамастан, активтерден артық міндеттемелердің болуын;
- жарғылық қорды көбейту туралы шешім қабылданған күннен бұрынғы 3 ай ішінде зиянның болуын;

- өткен үш жыл ішінде құрылтайшы-банкке тоқтатып қою режимін тағайындау түрінде санкция қолдануды көрсетеді.

Ескерту: 2.3. тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331 қаулысымен.

2.4. Ұлттық Банктің қорытындысын керек ететін бағалы қағаздар эмиссиясы туралы құжаттар, сондай-ақ жарғы мен құрылтайшы шартына өзгертулер мен толықтырулар (егер ондайлар болса) Ұлттық Банкке эмитенттер эмиссия туралы шешім қабылдаған сәттен бастап бір ай мерзім ішінде беріледі және олар 2.1 және 2.2 тармақтарда көрсетілген құжаттардың толық пакетін берген сәттен бастап бір ай ішінде қаралады.

2.5. Бағалы қағаздар эмиссиясының жобасы бойынша оң қорытынды беруден бас тарту туралы Ұлттық Банктің хабарламасы банкке жазбаша түрде жеткізіледі.

2.6. Ұсынылған құжаттарға ескертпелер болмаған жағдайда бағалы қағаздар эмиссиясының жобасының екі данасы Ұлттық Банкте сараптамадан өткені туралы белгісі бар және оның эмиссия жобасы жөніндегі қорытындысы Ұлттық

комиссияға беру үшін банкке қайтарылады, жобаның үшінші данасы Ұлттық Банкте қалады.

3-тарау. Бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептерге сараптама жүргізу тәртібі <*>

Ескерту: 3-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331 қаулысымен.

3.1. Банктердің бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептерге сараптама жүргізу үшін мынадай құжаттар беріледі:

а) эмиссия сомаларын, нақты қалыптасқан жарғылық қордың мөлшерін көрсете отырып, ерікті нысанда жазылған, банк басшысының қолы қойылған ө т і н і ш ;

б) Ұлттық комиссияның нормативтік құқықтық актілері белгіленген нысан бойынша банктің басшысы, бас бухгалтері, тексеру комиссиясының төрағасы қол қойған және банктің мөрімен куәландырылған бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есеп (үш дана). Бұл есепті аудитор немесе банк қызметіне аудиторлық тексеру жүргізу құқығына лицензиясы бар аудиторлық ұйым растауы керек;

в) банктің басшысы, бас бухгалтері қол қойған және банктің мөрімен куәландырылған осы эмиссияны орналастыру мерзімі аяқталған сәттегі банктің б а л а н с ы ;

г) банктің жарғылық капиталындағы үлесі бес процентке тең немесе бес проценттен асатын акционерлердің соңғы аяқталған қаржы жылының уәкілетті аудиторлық қызмет куәландырған, баланстық есептері және пайдасы мен шығыны туралы есептері, сондай-ақ банктің жарғылық капиталындағы үлесі бес процентке тең немесе артық акционер болып саналатын ұйымның бірінші басшысы, бас бухгалтері қол қойып, мөрмен куәландырған баланстық есептері және пайда мен шығын туралы есептері; <*>

д) банктің жарғылық капиталындағы үлесі бес процентке тең немесе артық акционерлердің құрылтай құжаттарының нотариус куәландырылған көшірмелері.
< * >

Ескерту: 3.1. тармақ өзгертілді, толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331 қаулысымен.

3.2. Ұсынылған құжаттарды қарау кезінде талдау жасауға жататындары:

а) ұсынылған есептегі мәліметтердің толық болуы және бағалы қағаздар эмиссиясы шығару жай-күйінің қолданылып жүрген заңға сәйкестігі туралы тұжырым жасауға мүмкіндік беретін құжаттар; <*>

б) есептің, баланс пен басқа да материалдардың құрылтайшы құжаттарының мәліметтеріне сәйкес келуі;

в) олардың қолданылып жүрген заңға сәйкес келуі.
Ескерту: 3.2. тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331
қ а у л ы с ы м е н .

3.3. Бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептерді қараған кезде Ұлттық Банк:

а) банктен осы акционерлік қоғам қызметінің ерекшеліктеріне қатысты қосымша құжаттар беруін талап етуге;

б) бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы ұсынылған есептердегі ақпараттар мен мәліметтердің дұрыстығына тексеру жүргізуге;

в) бағалы қағаздар эмиссиясының бұрын тіркелген материалдарын қарауға құқылы.

3.4. Бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есепке қол қойған басшы, бас бухгалтер, тексеру комиссиясының төрағасы ондағы мәліметтердің дұрыстығы үшін қолданылып жүрген заңға сәйкес толық жауап беретін болады.

3.5. Банк бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептің сараптамасынан өту үшін бағалы қағаздар орналастырылған соң әрбір алты айдан кейін 15 күнтізбелік күн ішінде, сондай-ақ бағалы қағаздар орналастыру аяқталғаннан кейін 15 күнтізбелік күні ішінде құжаттар пакетін ұсынады. Егер алты айдан кейін эмиссиясы тіркелген бағалы қағаздың бір де біреуі орналастырылмаған болса, банк 15 күннің ішінде бұл жөнінде Ұлттық Банкке еркін нысанда жазылған хабарлама ұсынатын болады.

Ұлттық Банк есеп келіп түскеннен кейінгі күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есепті қарап, ескертпелер болмаған жағдайда қабылдайды немесе осы Ережелердің 3.9 тармағына сәйкес есепті қабылдаудан бас тартатыны туралы эмитентке хабарлайды.

< * >

Ескерту: 3.5. тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331 қаулысымен.

3.6. Банк тіркелген бағалы қағаздар эмиссиясының көлемін толық орналастырмаған жағдайда осы Ережелердің 3.1. тармағында көрсетілген құжаттарды ("Г") тармағындағыдан басқасын) заңда белгіленген мерзімде береді, сондай-ақ банктің жарғылық капиталындағы үлесі бес процентке тең немесе бес проценттен асатын акционерлердің соңғы аяқталған қаржы жылының уәкілетті аудиторлық қызмет куәландырған баланстық есептерін және пайдасы мен шығыны туралы есептерін, сондай-ақ банктің жарғылық капиталындағы үлесі бес процентке тең немесе артық акционер болып саналатын ұйымның бірінші

басшысы, бас бухгалтері қол қойып, мөрмен куәландырған баланстық есептерін және пайда мен шығын туралы есептерін береді.

Бұрынғы, оның ішінде ағымдағы эмиссиясының нәтижелері бойынша жарғылық капиталда 5 процент және одан да көп болатын акционерлердің үлесі олардың қосымша акциялар сатып алуына байланысты көбейген жағдайда, осы акционерлердің соңғы аяқталған қаржы жылының уәкілетті аудиторлық қызмет куәландырған баланстық есептері және пайдасы мен шығыны туралы есептері, акционер болып саналатын ұйымның бірінші басшысы, бас бухгалтері қол қойып, мөрмен куәландырған баланстық есептері және пайда мен шығын туралы есептері Ұлттық Банкте болмаған жағдайда беріледі.

Ұлттық Банк бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептің сараптамасынан өту үшін банк берген құжаттар пакетін қарау қорытындылары бойынша бағалы қағаздар эмиссиясының нақты орналастырылған көлемінің есебін қабылдайды. <*>

Ескерту: 3.6. тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331 қаулысымен.

3.7. Есеп беріліп отырған кезең ішінде бағалы қағаздардың орналастырылмағаны жөнінде банк берген хабарламаны Ұлттық Банк назарда ұстау үшін қабылдайды. <*>

Ескерту: 3.7. тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331 қаулысымен.

3.8. Бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есепті қабылдаған жағдайда (оны қабылдағаннан бас тартқан жағдайда) Ұлттық Банк есептің екі данасын банкке қайтарады және бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есеп берілген кездегі бағалы қағаздар эмиссиясының нақты төленген көлемін көрсете отырып (оны қабылдаудан бас тарту себебін көрсете отырып) жазбаша қорытынды береді, ол кейіннен мемлекеттік тіркеу үшін Ұлттық комиссияға ұсынылады. <*>

Ескерту: 3.8. тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331 қаулысымен.

3 . 9 . Е г е р :

- есепте баяндалған ақпараттар Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңын бұзатын болса;

- қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есеп толық көлемде берілмесе; <*>

- берілген есептегі ақпараттың мәліметі дәл болмаса;

- есеп мәліметтерінің дұрыс еместігі байқалса;

- бағалы қағаздар эмиссиясының тіркелген көлемінің артықтығы байқалса

Ұлттық Банк эмитентке бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы оң қорытынды беруден бас тартуға құқылы.

Ескерту: 3.9. тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331
қ а у л ы с ы м е н .

3.10. Ұлттық Банктің бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есеп бойынша оң қорытынды беруден бас тартқаны эмитентке жазбаша түрде қорытындыға қол қойылған күннен бастап жеті күн ішінде жеткізілуге тиіс.

3.11. Ұлттық Банк берілген есеппен келісуден бас тартқан жағдайда, есепті қайталап ұсынылған кезде қарай мерзімі жаңартылады.

3.12. Бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қорытындылары туралы есепті қайталап ұсыну Ұлттық Банктің бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қорытындылары туралы есепті қабылдаудан бас тартқаны жөнінде банкті хабардар еткен сәттен бастап бір ай ішінде жүзеге асырылады.

3.13. Банк бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қорытындылары туралы есепті белгіленген мерзімде ұсынбаған жағдайда Ұлттық Банк эмиссияны болмай қалды деп тану туралы Ұлттық комиссияға жүгінуге құқылы.

3.14. Ұлттық Банк қорытындылауы үшін банк берген мәліметтердің дұрыс еместігі анықталған жағдайда, Ұлттық Банк эмиссияны болмай қалды деп тану туралы Ұлттық комиссияға жүгінуге құқылы.

4-тарау. Банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының проспектілерін және олардың бағалы қағаздарды шығару және орналастыру қорытындылары туралы есептерін есепке алу және ресімдеу <*>

Ескерту: 4-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331
қ а у л ы с ы м е н .

4.1. Осы Ережелерде сараптық қорытынды алу үшін көзделген қажетті құжаттар пакеті Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментіне ұсынылады.

Өшіріп жазылған немесе соңынан қосып жазылған, сөздері сызылған және өзге де ескертілмеген түзетулері бар құжаттар қарауға қабылданылмайды.

4.2. Оң қорытынды беру Ұлттық Банк төрағасы орынбасарының қолымен ресімделеді. Банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының жобалары мен бағалы қағаздар эмиссиясының және орналастыру қорытындылары туралы олардың есептерінің барлық даналарының бірінші беті сол жақтағы жоғары бұрышына орналасқан мынадай тұжырымдармен куәландырылады: "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісілген. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары". Банктердің бағалы қағаздар шығаруға арналған эмиссия жобасы мен бағалы қағаздар шығару және орналастыру

қорытындылары туралы олардың есебіне Ұлттық Банк төрағасының орынбасары қол қояды және Ұлттық Банктің мөрі соғылады. <*>

Ескерту: 4.2. тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331
қ а у л ы с ы м е н .

4.3. Ұлттық Банкпен келісілген банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының жобасы мен бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындысы туралы олардың есебінен бір данасы банктің заң ісіне тігіледі. Қалған даналары бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу және (немесе) бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы есепті Ұлттық комиссияның бекітуі үшін өтініш иесіне қайтарылады. <*>

Ескерту: 4.3. тармақ өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331
қ а у л ы с ы м е н .

4.4. Ұлттық комиссияда мемлекеттік тіркелгеннен (немесе бекітілгеннен) кейін 2 апта мерзімде банк Ұлттық Банктің Банктік қадағалау департаментіне бағалы қағаздар шығару эмиссиясы жобасының нотариат куәландырған көшірмесінің бір данасын, эмиссияны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нотариат куәландырған көшірмесімен қоса және бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы бекітілген есептің нотариат куәландырған көшірмесін ұсынуға міндетті.

4.5. Ұлттық Банк белгіленген тәртіппен банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының жобасы мен бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы олардың есебін есепке алып тіркейді.

5-тарау. Қорытынды ережелер <*>

Ескерту: 5-тараудың атауы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі
Басқармасының 1999 жылғы 7 қазандағы N 331 қаулысымен .

5.1. Банктердің бағалы қағаздар эмиссиясының жобалары мен бағалы қағаздар шығару және орналастыру қорытындылары туралы олардың есебі бойынша оң қорытынды беруден бас тарту туралы Ұлттық Банктің шешіміне банктер сот тәртібімен шағымдана алады.

5.2. Осы Ережелермен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының нормаларына сәйкес шешіледі.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы